

А.Б. Нұртаева¹, Сүйер Әкер²

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

²Башикент университеті, Анкара, Түркия

(E-mail: aikosh_72@mail.ru)

Тілдік оппозиция: антонимдер мен қарама-қарсы мәнделес сөздердің пайда болу диалектикасы

Мақалада соңғы жылдардағы қазақ тіл білімінің даму бағыттарының, оның ішінде антропоэзектілік бағыттың рөлі мәселесі қамтылған. Антропоэзектілік бағыттың өзіндік ерекшеліктері адамның ойымен, танымымен, іс-әрекетімен тікелей байланыста талданған. Жүргізілген зерттеулердің негізінде авторлар тарапынан тілдік дамудың ішкі қайшылықтар мен қарама-қарсылықтар күресіне негізделетіндігі және ол қайшылықтар мен қарама-қарсылықтардың табиғат, қоғам, адам санасындағы бірін-бірі жоққа шығаратын және сонымен қатар бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын заттар, құбылыстар, тенденциялар арасындағы қатынастар екендігі тұжырымдалған. Мақалада қарама-қарсылықтар заңының, яғни тақырып аясына қажетті тілдік оппозициялардың ежелгі философ-ойшылардың еңбектерінен бастау алатындығы және қарама-қарсылық мәселесінің антикалық философия мен логикадан басталатындығы дәлелденген. Сонымен қатар қарама-қарсы құбылыстардың міндетті түрде бір текке немесе бір-біріне қарама-қарсы түрге жататыны және сондай-ақ, олардың өздері мағыналық жағынан туыстас, сыбайлас тектерді білдіретіні айқындалған.

Кілт сөздер: тілдік оппозиция, антонимдер, қарама-қарсы мәнделес сөздер, энантиосемия.

Kipicne

Антропоэзектілік бағыт — тіл білімі дамуының соңғы кезеңдерінде басым бағыт алған зерттеу арналарының бірі. Бұл деген тілді зерттеуде адамның ойымен, танымымен, іс-әрекетімен, жалпылай алғанда өзімен тікелей байланыстыра отырып зерттеу деген сөз. Тіл — адам ойының, іс-әрекетінің, көп жылдық тәжірибесінің жемісі. Тәжірибемен бірге образды ойлау, салыстырмалы ойлау, ұқсастыру, баламалау, астастыру, теңестіру секілді ойлаудың формалары арқылы тіл пайда болады. Демек, әлемдегі тілдердің даму үдерісі — адамзат тәжірибесінің құрылымдық жағынан ұйымдастырылған жіктелісі деуге негіз бар.

XX ғасыр қазақ тілінің құрылымдық жағынан толық зерттелген дәуірі десек те болғандай. Себебі бұл кезеңде тіліміздің фонетика, лексикологиясы, сөзжасамы, морфологиясы, синтаксисі толығымен зерттеу нысаны, мақсаты, міндеттері айқындалған, терминдері сараланған, пәндермен байланысы анықталған, тіл білімінің жеке саласы ретіндегі критерийлерге жауап беретін бір-бір арна болып қалыптасты. Соңғы жарты жылға жуық кезеңде тілді антропоэзектіліктік бағытта зерттеу жалғасып келеді. Бұл бағыттағы зерттеулерді көптеп атауға болар еді. Әлі күнге бұл бағыттың өзектілігін жоғалтпағанын адам танымымен, санасымен, тәжірибесімен пайда болатын тілдің мүмкіндіктерінің шектеусіз екендігін көрсетеді. Мұның бәрі тілдік қарым-қатынас жасау әрекетінде пайда болатын тілдің қызметімен тікелей байланысты.

Ал тіл арқылы қарым-қатынас жасау әрекетінің мазмұны тәжірибеге негізделеді. Соңғы уақытта зерттеу бағыттарының жаңа мазмұн алуы тілді адам санасында әлем туралы түсінік құрушы, ақиқат әлем туралы таным мен білім жиынтығы, сана қызметінің нәтижесі ретінде тіл мен сананы тұтастықта қарайтын когнитивтік көзқарастың пайда болуына әкелді.

Адам өзін қоршаған әлемді тани отырып, заттар мен құбылыстарға атау береді. Осылайша, сөз тіл иесінің мәдени және адамгершілік құндылықтары тоғысатын нысанға айналады. Соның нәтижесінде кез-келген тіл белгілі бір ұлттың менталитетін бейнелейді, тілде сол халықтың мыңдаған жылдар бойы жинақталған тәжірибесі негізінде қалыптасқан аялық білімі болады. Әлемдегі зат пен құбылысқа атау бере отырып, әрбір ұлт өкілі оларды ұлттық ойдың нысанына айналдырады. Осыған байланысты сөздің лексикалық мағынасын зерттеу барысында оған дәстүрлік таным, мәдени норма мен салт-дәстүрді сақтаушы, жеткізуші ретінде қарау орынды. Осы бағытта «ақ» — «қара» тілдік бірліктерін әлем негізін құрайтын қарама-қарсы концептілердің иерархиясы ретінде қарастырамыз. Әлем қарама-қарсылықтардың күресі мен бірлігінен тұрады. Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі

— дамудың негізгі өзегі. Олар даму құбылысының ішкі қайнар көздерін ашады, ескінің жойылып, жаңаның пайда болу себептерін анықтайды. Даму ішкі қайшылықтар мен қарама-қарсылықтар күресіне негізделеді. Ал қарама-қарсылықтар тілде антонимдер арқылы бейнеленеді. Бұл мақалада, ең алдымен, зерттеуге негіз болатын теориялық білімді айқындап алу мақсатында когнитивтік тіл білімінің жаңа бағыт ретінде қалыптасудағы ерекшеліктері мен негізгі ұғымдарына талдау жасап, қарама-қарсылықтың философия, логика, психолінгвистика, тіл білімі салаларында көрінуін қарастырамыз. Халықтың ойлау жүйесі мен әлемге қарым-қатынасы үлгілері негізінде негізгі ұғымдардың оппозициясы анықталып, концептуалдық талдау жасалу арқылы анықталады.

Өмірдегі қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі — тек қана тілдік емес, кез келген дамудың негізгі өзегі. Олар даму әрекетінің ішкі қайнар көздерін ашып, айқындайды, ескінің жойылып, жаңаның пайда болу себептерін түсіндіреді. Осыған қарап, дамудың ішкі қайшылықтар мен қарама-қарсылықтар күресіне негізделетіндігін көруге болады.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Философия ғылымында қарама-қарсылықты «табиғат, қоғам, адам санасындағы бірін-бірі жоққа шығаратын және сонымен қатар бірінсіз-бірі өмір сүре алмайтын заттар, құбылыстар, тенденциялар арасындағы қатынастар» деп түсіндіреді [1; 113]. Әлемдегі заттар мен құбылыстар үнемі қарама-қарсылықта болады. Ал қарама-қарсы құбылыстар, заттар бірінсіз бірі өмір сүре алмайды. Кез келген қарама-қарсылықтың екі шегі өзара қалай қарама-қарсы болса, солай бір-бірінен ажырамас бірлікте болады. Қарама-қарсы құбылыстардың бір мүшесі мен екінші мүшесі болғандықтан ғана қарама-қарсылық мәнге ие болады. Бұл философияда қарама-қарсылықтың бірлігі деп аталады. Егер қарама-қарсы жақтардың бірлігі жойылса, онда қарама-қарсылықтың өзі де мән-мағынасын жояды. Мысалы, Ж.М. Жампейсова өз диссертациясында *ақ-қара* қарама-қарсы мағыналы лексикалық бірліктерін зерттейді. «*Ақ* пен *қара* — қарама-қарсы түстерді, әлеуметтік қарым-қатынастарды, жақсылық мен жамандықты, адам мінез-құлқының қарама-қарсы жақтарын анықтайтын лексикалық бірліктер. Қарама-қарсылықтың бірлігі заңына сүйенсек, *ақ* болмаса *қараны* немесе *қара* болмаса *ақты* түсіну мүмкін болмас еді. Сондай-ақ, *ұзын* мен *қысқа*, *жақсы* мен *жаман*, *жарық* пен *қараңғы*, *күн* мен *түннің* қарама-қарсы жақтарын алып тастаса, онда олардың мәні жойылады. *Ақ* болмаса *қараны*, *ұзын* болмаса *қысқаны*, *жақсы* болмаса *жаманды*, *жарық* болмаса *қараңғыны*, *күн* болмаса *түнді* түсіну мүмкін емес. Сол себепті, диалектика қарама-қарсы жақтардың екеуін бірдей алып қарауды талап етеді. Егер олардың біреуін сақтап, екіншісін жойса, онда диалектикалық қозғалыс тоқтайды, өзі де мағынасынан айырылады» дейді [2]. Демек, қарама-қарсылықтардың бірлігі — заңды құбылыс. Қарама-қарсылықтардың бірге өмір сүруі, олардың күресі дамудың мәнін құрастырады. Кез-келген зат, құбылыс қарама-қарсылықсыз, олардың бірлігі мен күресінсіз өмір сүре алмайды. Бұл әлемдегі құбылыстардың бәріне, табиғаттың, қоғамның, ойлаудың кез келген құбылыстарына тән сипат. Сондықтан да өмір жақсы мен жаманның, ақ пен қараның, байлық пен кедейліктің, өмір мен өлімнің, куныш пен қайғының, адал мен арамның, аспан мен жердің, биіктік пен төмендіктің т.б. бірліктерінен тұрады.

Ендеше, қарама-қарсылықтар заңы, немесе тақырып аясына қажетті тілдік оппозициялар тек бүгінгі күннің ғана зерттеуі болған жоқ. Оның бастауы ежелгі философ-ойшылдардың еңбектерінен өз арнасын тапты. Қарама-қарсылық мәселесі антикалық философия мен логикадан басталады. Ежелгі грек дәуірінің данышпаны Аристотель қарама-қарсы құбылыстар міндетті түрде бір текке немесе бір-біріне қарама-қарсы түрге жататынын немесе өздері мағыналық жағынан туыстас, сыбайлас тектерді білдіретінін айтады. Ол өзінің «Категориялар» атты еңбегінде: «Барлық қарама-қарсылықтар не бір текке, не қарама-қарсы текке жатуы немесе өздері тектерді білдіруі қажет. Ақ пен қара бір текке (олардың тегі, бұл — түс) жатады, әділдік пен әділетсіздік қарама-қарсы тектерге (бірінші жағдайда тек, бұл — жақсылық, екіншісінде — жамандық); ал жамандық пен жақсылық қандай да бір текке жатпайды, бірақ өздері басқа ұғымдар үшін тектерді құрайды», — деп тұжырымдайды [3; 42].

Антонимдердің логикалық табиғаты туралы маңызды деректерді Платон шығармаларынан да кездестіруге болады. Қарама-қарсылықтардың симметриясы олардың теңдігімен байланысты. «Егер қарама-қарсылықтар бір-бірін үнемі теңгермесе, егер олар тік сызықта, тек бір бағытта ғана пайда болып, қарама-қарсы жаққа бұрылмаса, — онда бәрі, әйтеуір ақырында тек бір бейне, тек бір қасиетке ие болатын еді де, пайда болу тоқтап қалар еді», — дейді Платон [4; 33]. Сонымен қатар, Платон еңбегінде қарама-қарсылықтардың сызықтық және циклдік деп аталатын түрлерін көрсетеді.

Сызықтыққа тек бір сызық бойындағы қарама-қарсылықтар жатса, циклдікке шеңбер бойымен бір-біріне өтіп отыратын қарама-қарсы ұғымдар жатады. Философ сызықтыққа *әдемі — көріксіз*, циклдікке *түс — ояну — сергу — ұйықтау* мысалдарын келтіреді, «... түстен сергу, сергуден түс пайда болады, ал біреуінен біреуіне өту ұйықтау және ояну деп аталады», — дейді [3; 32].

Әлем қарама-қарсылықтар мен олардың күресінен тұратыны туралы пікірді Гегель пікірлерінен де көруге болады. «Қарама-қайшылық — әлемді қозғаушы... кез-келген қозғалыстың, өмірдің түптамыры; қандай да бір нәрседі қарама-қайшылық болғанда ғана ол қозғалады, импульсқа, іс-әрекетке ие болады... әр нәрсе өзінде қарама-қайшылық болғандықтан ғана өмір сүреді», — дейді ойшыл [3; 520].

Қарама-қарсылық туралы ой-пікірлерді шығыс ғұлама ғалымдарының еңбектерінен де молынан кездестіруге болады. Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, аты әлемге жайылған ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби Аристотель іліміндегі диалектика элементтеріне, мәселені қарама-қарсы қоюына белгілі дәрежеде көңіл бөлген. Ол өзінің «Әлеуметтік этикалық трактаттарында» этиканы жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарайды. Ғалым ұстамдылықты жақсы құлық деп есептейді, ал ұстамды болу үшін, шамадан тыс молшылық болса, одан жетіспеушілікке қарай ауытқып, ондай молшылықтан арылу керек және керісінше жетіспеушілік болса, онда молшылық жағына қарай ауытқу керек, сөйтіп мінез-құлықты ұстамдылықты қалыптастырғанша осылай ете беру керектігін айтады. Ойшыл мінез-құлықты қалыптастыруда адам бойындағы қарама-қарсы жақтардың күресі маңызды рөл атқаратындығына баса назар аударады [4].

Өмір мен өлім, адам мен ажал арасындағы күрес философиясын Қорқыт туралы аңыздардан кездестіреміз. Ж.К. Каракузова мен М.Ш. Хасанов еңбектерінде қазақ халқының алғашқы жаратылысы туралы мифтер Қорқыт есімімен байланыстырылған. Бүкіл әлем мәдениетінде алғашқы жаратылыс өмірдің бастауы ретінде түнектен үйлесімділіктің пайда болуымен сипатталады. Қорқыт жерге ақ түйемен (немесе құспен) ұшып келген екен. Ол Сыр бойына келіп, өз қобызын өзеннің ортасына қойыпты. Зерттеушілер Қорқытты қазақ халқының бірінші ата-бабасы деп көрсетіп, оның есімі «қор» және «құт» қарама-қарсы сөздерінен құралғандығын айтады. «Қор» — «жамандық», «бақытсыздық», «құт» — «жақсылық», «бақыт» деген мағыналарды білдіреді. Қазақ халқы жамандықтан құтылу үшін «қор болма» десе, біреуге бақыт, жақсылық тілегенде «құтты бол» дейді. Осылайша «Қорқыт» есімі екі бастаудың жақсылық пен жамандықтың бірігуінен жасалған.

Бірінші ата-баба есіміне жақсылық пен жамандық адамзат санасында әлі бөлінбей тұрғанда біріккен. Жамандық пен жақсылықтың бөлінуі қоршаған ортаға деген қарым-қатынасты анықтауға мүмкіндік береді. Осыдан қорқыныш пен қуаныш пайда болды. Қорқыныш жердегі әлі белгісіз, тылсым дүниелерден, қуаныш саналы өмір сүруден болады [5; 7].

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Философияда болмыстың бастамасы бір-біріне тең және тәуелсіз екі — материалдық және идеалдық субстанциялар деп танытын монизмге қарама-қарсы ілім дуализм (лат. Dualis — екі жақты) деп аталады. Дуализм ұғымы ежелгі ерте шығыстың діни-моральдық және ертедегі Грецияның діни-космологиялық ілімдерінде кездеседі: дүние процесі өзара үнемі күресетін екі бастамадан тұрады: жақсылық пен жамандықтан құралады [6; 38]. Философиялық әдебиеттерде қарама-қарсылық пен қарама-қайшылықтың өмір сүруі мен сипаты дамудың қозғаушы күші мен қайнар бұлағы ретінде дәлелденеді. Қарама-қарсылық ұғымы салыстырудың логикалық әрекетіне жатады. Бұл — ажырату мен сәйкестік ажырамас бірлікте болатын әлемді тану процесінің негізгі логикалық әдістерінің бірі.

Қарама-қарсы қатынастың логика-философиялық категориямен белгілі бір байланыстылығы болады десек, онда қарама-қарсы қатынастағы тілдік бірліктердің мағыналары белгілі бір жағдайда ойлаудың қисындық заңдарына бағынады. Логикадағы қатынас ұғымдар арасындағы қатынас ретінде қарастырылады. Салыстырылып отырған ұғымдар ғана логикалық қатынаста болады. Қарама-қарсылықты салыстырудың соңғы нәтижесі ретінде қарастыруға болатындықтан, оның логикалық негізін қарама-қарсы ұғымдардың салыстырылуы құрайды деуге болады. Қарама-қарсы мүшелердің логикалық сәйкестігі қарама-қарсы мағынадағы тілдік бірліктердің негізі болып саналады.

Тілдік антонимияны түсіндіру үшін қолданылатын қарама-қарсылық категориясы логикалық категорияға жатады. Логикада ұғым мазмұнындағы әртүрлі дерексіз белгілермен байланысты қарама-қарсылықтың әртүрлі түрлері (контрарлы, контрадикторлы, конверсивті) айқындалған. Тілдік антонимдерді зерттеуде тілшілер осы логикалық ұғымдарды пайдалана отырып, оларға жіктеу жасайды. Сөйлеуде бір-біріне қарама-қарсы қойылатын сөздердің әртүрлілігі нақты логикалық

модельдерге сүйенбейді. Мағына қарама-қарсылығын антонимдердің негізгі белгісі деп танығанмен, ол субъективті болады. Себебі тек дерексіз ұғымдар ғана қисындық тұрғыдан талданады. Сондықтан қарама-қарсылық терминінің нақты психологиялық мазмұны жоқ. С.Л. Рубинштейннің пікірі бойынша, салыстыру қоршаған әлемді танудың алғашқы кезеңдерінде, яғни танудың эмпирикалық деңгейінде көріністенеді: «Сравнение — это конкретная форма взаимосвязи синтеза и анализа, осуществляющая эмпирическое обобщение и классификацию явлений» [7; 137]. Қазіргі психологиядағы психикалық бейнелеудің әртүрлі деңгейлері мен олардың жеке тұлға өміріндегі өзара үздіксіз байланысы туралы мәліметтерді ескере отырып, салыстыруды болмыстағы нысандар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтайтын әмбебап әрекет деп тұжырымдауға болады.

Екі нысанды салыстыру үшін ортақ негіз болуы керек. Салыстыру нысандарды талдау негізінде анықталатын бір немесе бірнеше белгілер арқылы өтеді. Салыстыру барысында нысандар арасында сәйкестік, айырмашылық, қарама-қарсылық, қайшылық, бірлік болуы мүмкін. Сәйкестік дегеніміз — белгілі бір нысанның өзіне-өзі немесе басқа заттарға теңдігі, үйлесімділігі. Алайда ұқсас заттар арасында да айырмашылық болады. Айырмашылық — заттардың арақатынасы бірдей емес, тепе-тең болмайтындығын көрсететін ұғым. Сәйкестік пен айырмашылық арасында белгілі бір диалектика болады. Олар елеулі немесе елеусіз болуы мүмкін. Шын мәнінде, айырмашылық — заттардың қарама-қарсылығының не бастапқы, не соңғы кезеңі, яғни айырмашылықтың ең тереңдеген шегі — қарама-қарсылық. Гегельдің көрсетуінше, «сәйкестік айырмашылыққа, ал айырмашылық қарама-қарсылыққа өтеді» [8; 63].

Диалектикалық қарама-қайшылық — бүтіннің бір-бірін жоққа шығаратын қарама-қарсылыққа бөлінуі және олардың өзара қарым-қатынасы. Өзара бір-бірін жоққа шығаратын қарама-қарсылықтар — ажырамас бірлікте әрі күресте болатын қарама-қайшылықтың екі шегі, яғни олар өзара бір-бірін еске түсіреді, бірін айтқанда екіншісі еріксіз ойыңа келеді. Қарама-қайшылықтың екі шегі деп түсіну қарама-қарсылықтардың сипаты мен өткірлік деңгейіне, іске асу саласына тәуелсіз кез-келген диалектикалық қарама-қарсылықтың бәріне ортақ белгісі болып табылады. Бірігу, ажырату қатынастары қарама-қарсылықтың қатынасқа жатады.

М.М. Розенталь «Диалектикалық логика принциптері» атты зерттеуінде логикалық қарама-қайшылық пен диалектикалық қарама-қайшылықты ажыратады: «Так как термин «логическое противоречие» в истории философии, а также современной литературе приобрел именно тот оттенок мысли, о котором шла речь выше, т.е. так как под ним подразумевают логическую непоследовательность и путаницу мысли, то приходится оперировать им именно в этом смысле» [9; 97].

Зерттеушінің пікірінше, қисындық қарама-қайшылыққа қисынға сыйымсыздық, ойдың шатысуы жатады. Ал диалектикалық қарама-қайшылыққа қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күрес қатынастары енеді. Мұнда қарама-қарсылықтар қайшылықтардың екі шегін, яғни заттардағы, құбылыстардағы бір-бірін еске түсіретін және жоққа шығаратын элементтер, күштер, ерекшеліктерді білдіреді. Мұндай элементтерге, мысалы сутегінің неондалған атомындағы оң және теріс зарядты электрондар, қарама-қарсылықтарға тартылыс — тебіліс күштері, жаңа мен ескінің, жағымдылық пен жағымсыздықтың, шектілік пен шексіздіктің ерекшеліктері енеді.

Қарама-қарсылықтың психолингвистикалық тұрғыдан зерттелуін А.А. Брудный, Э.И. Родичева, И.Л. Медведева сияқты ғалымдар еңбектерінен кездестіруге болады. Қарама-қарсылықтың психолингвистикалық негізі ассоциативтік экспериментке, яғни адамның ойлау жүйесі мен тәжірибесінің ұштасуына негізделеді. Психолингвистикалық тұрғыдан кез-келген сөздің қарама-қарсылық өрісі болады, алайда олардың белсенділік деңгейі әртүрлі. Бұл зерттеу қатысушының тәжірибесіне тәуелді. Адам өзінің тәжірибесінде ұғымның белгілі бір жұптарын салыстыру, қарама-қарсы қою қажеттілігін жиі кездестірсе, онда бұл дағды жылдам қалыптасады да, бір сөзді айтқанда екінші сөз еш ойланбастан еске түседі. Біздің санамызда бір-бірі арқылы анықталатын, жұптасып сақталған ұғымның белгілі жүйесі болады. Бұл ұғымдарға біріне-бірін қарсы қоюға, салыстыруға, ажыратуға болатын заттар, белгілер, іс-әрекеттер сияқты тағы да басқа құбылыстар арасындағы қатынасты жатқызамыз. Қарама-қарсы ұғымдардың психолингвистикалық негізі сөйлеумен тығыз байланысты. Себебі біз әртүрлі заттарды қарама-қарсы қойғанда дерексіз антонимдерге емес, нәтижелері санамызда бекітілген өзіміздің тәжірибемізге жүгінеміз. Соның салдарынан психолингвистикалық экспериментке жауап берушілер тілдік заңдылықтарды ескере бермейді. Сонымен қарама-қарсылықтардың психолингвистикада көріністенуі туралы мынандай қорытынды шығаруға болады: тілде сөздерді қарама-қарсы қою адам тәжірибесіне, ақиқат әлемді тану

заңдылықтарына сүйенеді. Ал олар ақиқат әлем туралы көріністердің синтезі мен анализі, заттарды ажырату, олардың арасындағы ұқсастықтарды табу, нысандарды қарама-қарсы қою, оларды салыстыру процестерімен тығыз байланысты. И.Л. Медведева тіл білімінде мойындалған лексикалық антонимдерді адам санасында жүретін айырмашылықтар мен салыстырулардың ауқымды жүйесінің бір бөлігі, көрінісі ғана деп тұжырымдайды [10; 80].

Қорытынды

Сонымен, қарама-қарсы мағыналы сөздердің пайда болуы сыртқы ортамен байланысты. Қоршаған әлем тек заттардан, құбылыстардан ғана тұрмайды, сонымен қатар қасиеттер мен қатынастардан құралады. Бұл кешеннің құрамдары — заттар, құбылыстар, қасиеттер мен қатынастар — бір-бірімен байланысты, өзара тәуелді және бір мезгілде өмір сүреді. Сондықтан адам заттарды тану барысында оларды бір-бірімен салыстыра отырып, олардың арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды табады. Ол санада заттардың қасиеттері мен олардың арасындағы қатынас түрінде көрінеді. Осыдан мағына қарама-қарсылығы мен қарама-қарсы мағына ұғымдары шығады. Қарама-қарсы мағына санада қарама-қарсы мағыналы сөзді тудыратын қасиетке ие, ал мағына қарама-қарсылығы — осындай қасиеттер арасындағы қатынас. Қарама-қарсы мағына өзі сияқты басқа семантикалық бірліктермен антонимдік қатынасқа түсу қабілетін анықтайды, ал мағына қарама-қарсылығы антонимдер арасындағы қатынасты білдіреді.

Логикалық-философиялық мазмұн бойынша, тілдік антонимия қарама-қарсылықтың тілдегі көрінісі. Мағыналары бойынша бір-бірін жоққа шығаратын немесе бір-біріне қарама-қарсы сөздер логикада сыйымсыз ұғымдарға, яғни бір-бірін толығымен жоққа шығаратын топқа жатады.

Осындай пікірді қазақ тіл білімінде антонимдерді алғаш рет арнайы зерттеген Ж. Мусин мен А. Жүсіпов еңбектерінен де кездестіреміз. Ж. Мусин «қарама-қарсылық» пен «қайшылық» ұғымдарының айырмашылығы мен мәнін ашып бере отырып, қайшылықты ұғымдардың тілдегі болымсыздық категориясына, қарама-қарсы ұғымдардың тілдегі антонимияға сәйкес келетіндігін дәлелдейді [11; 5].

Ұғымдардың қарама-қарсылығы заттардың, құбылыстардың сапасын, белгісін, қасиетін, қарым-қатынасын ашатын кең ұғымдардың шектерінде жүзеге асады. Яғни белгілі бір сапаның, белгінің, қасиеттің немесе қатынастың қарама-қарсы көріністерінің шегі антонимия деп аталса, ал сол шектің мазмұны антонимдерді білдіреді. Тілдік антонимияда қарама-қарсылық ұғымы негізгі маңызды орынға ие.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Философиялық сөздік / Құраст. Н. Нұрғалиев, Ғ. Ақманбетов, Ж. Әбділдин. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. — 224 б.
- 2 Жампейсова Ж.М. «Ақ» — «Қара» концепті: оппозициясы мен қызметі: филол. ғыл. канд. ... дис. / Ж.М. Жампейсова. — Алматы, 2007. — 131 б.
- 3 Аристотель / Аристотель. Категории. — М.: Директ-Медиа, 2002. — 115 с.
- 4 Платон. Греческая философия: Собр. соч.: [В 3-х т.]. — Т. 2 / Платон. — М.: Мысль, 1968. — 623 с.
- 5 Каракузова Ж.К. Космос казахской культуры / Ж.К. Каракузова, М.Ш. Хасанов. — Алматы: Евразия, 1993. — 80 с.
- 6 Қазақ Совет Энциклопедиясы: [14 т.]. — 4 т. / Бас ред. М.Қ. Қаратаев. — Алматы: Қазақ совет энциклопедиясы, 1974. — 672 б.
- 7 Рубинштейн С.Л. Избранные философско-психологические труды: основы онтологии, логики и психологии / С.Л. Рубинштейн. — М.: Госполитиздат, 1997. — 463 с.
- 8 Гегель Г. Наука логики / Г. Гегель. — М.: Мысль, 1972. — 374 с.
- 9 Розенталь М.М. Принципы диалектической логики / М.М. Розенталь. — М.: Соцэкгиз, 1960. — 478 с.
- 10 Медведева И.Л. Опыт психолингвистического исследования антонимии / И.Л. Медведева // Психолингвистические исследования в области лексики и фонетики / И.Л. Медведева; под ред. А.А. Залевской. — Калинин: КГУ, 1981. — С. 68–81.
- 11 Жүсіпов А. Қазіргі қазақ тіліндегі қарама-қарсылықтың коннекторлары: филол. ғыл. канд. дис. автореф.: 10.02.02 — «Қазақ тілі» / А. Жүсіпов. — Астана, 2004. — 29 б.

А.Б. Нуртаева, Сүйер Экер

Языковая оппозиция: диалектика возникновения антонимов и слов противоположного значения

В статье рассмотрена сущность различных направлений казахского языкознания за последние годы, особое внимание уделено антропоцентрическому направлению. Языковая антропоцентрическая парадигма проанализирована в прямой связи с человеческим мышлением, познанием, действием. По результатам проведенного исследования авторы утверждают, что развитие языка основано на борьбе внутренних противоречий и что данные противоречия представляют собой отношения между объектами, явлениями, тенденциями в природе, обществе, сознании человека, которые противоречат друг другу и не могут существовать друг без друга. Закон противоречий, то есть языковая оппозиция субъекту, установлен еще в работах древних философов и мыслителей, а проблема противоречия начинается с древней философии и логики. При этом определяется, что встречные явления в обязательном порядке относятся к одному и тому же или к противоположному виду, а также представляют собой родственные, схожие корни по смыслу.

Ключевые слова: казахский язык, языковые оппозиции, антонимы, противоположные слова, энантиосемия.

A.B. Nurtayeva, Eker Süer

Linguistic opposition: the dialectics of emergence antonyms and opposite enantiosemy

This article discusses the role of areas of development of Kazakh linguistics in recent years, including anthropocentric areas. Features of anthropocentric directions are analyzed in direct connection with human thinking, cognition, and action. Based on the study, the author claims that the development of language is based on the struggle of internal contradictions and that these contradictions are relations between objects, phenomena, trends in nature, society, human consciousness, which contradict each other and cannot exist without each other. The article states that the law of contradictions, that is, linguistic opposition to the subject, comes from the work of ancient philosophers and thinkers, and that the problem of contradiction begins with ancient philosophy and logic. In this case, it is determined that the counter phenomena necessarily belong to the same or to the opposite type, and also represent related, similar roots in meaning.

Keywords: the Kazakh language, the language of the opposition, antonyms, opposite words, enantiosemy.

References

- 1 Nurgalyev, N., Akmanbetov, G., & Abdildin Zh. (1996). *Filosofialyq sozдіk [Philosophical dictionary]*. Almaty: Qazaq entsiklopedyasy [in Kazakh].
- 2 Zhampeisova, Zh.M. (2007). «Aq» — «Qara» kontsepti: oppozitsiiasy men qyzmeti [The concept of «white» — «black»: opposition and activity]. *Abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 3 Aristotel. (2002). *Kategoriі [Categories]*. Moscow: Direkt-Media [in Russian].
- 4 Platon. (1968). *Hrechekaia filosofia: Sobranie sochinenii [Greek philosophy]*. (Vo. 1-3; Vol. 2). Moscow: Mysl [in Russian].
- 5 Karakuzova, Zh.K., & Hasanov, M.Sh. (1993). *Kosmos kazakhskoi kultury [Space of Kazakh culture]*. Almaty: Evraziia [in Russian].
- 6 Qarataev, M.K. (1974). *Qazaq sovet entsiklopediasy [Kazakh Soviet Encyclopedia]*. Almaty: Qazaq sovet entsiklopedyasy [in Kazakh].
- 7 Rubinshtein, S.L. (1997). *Izbrannye filosofsko-psiholokhicheskie trudy: osnovy ontolohii, lohiki i psiholohii [Selected philosophical and psychological works: fundamentals of ontology, logic and psychology]*. Moscow: Hospolitizdat [in Russian].
- 8 Gegel, G. (1972). *Nauka lohiki [Science of logic]*. Moscow: Mysl [in Russian].
- 9 Rosenthal, M.M. (1960). *Printsipy dialekticheskoi lohiki [Principles of dialectical logic]*. Moscow: Sotsekhiz [in Russian].
- 10 Medvedeva, I.L. (1981). *Opyt psikholinvisticheskoho issledovaniia antonimii [Experience of psycholinguistic research of antonymy]*. Kalinin: KHU [in Russian].
- 11 Zhusipov, A. (2004). *Qazirgi qazaq tilindegi qarama-qarsylyq konnektorlary [Connectors of confrontation in the modern Kazakh language]*. *Abstract of candidate's thesis*. Astana [in Kazakh].